

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

**БЕКІТЕМІН**  
**Ғылыми кеңес төрағасы,**  
**ҚарМТУ ректоры**  
\_\_\_\_\_ **Ғазалиев А.М.**  
\_\_\_\_\_ **2015\_ж.**

**МАГИСТРАНТҚА АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША**  
**ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
**(SYLLABUS)**

Р 5201 «Патенттану» пәні

GZZhU 2 «Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» модулі

6M070700 – «Тау-кен» мамандығы

Тау-кен факультеті

Пайдалы кен орындарын қазып өндіру кафедрасы

## АЛҒЫ СӨЗ

Магистранттарға арналған пәң бойынша оқыту бағдарламасы т.ғ.к., доцент Байкенжин М.А., әзірлеген.

«Пайдалы кен орындарын қазып өндіру» кафедрасының мәжілісінде талқыланады

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015 ж. № \_\_\_\_\_ хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Исабек Т.К. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015\_ ж.  
(қолы)

Тау-кен факультетының оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдайды

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттама

Төраға \_\_\_\_\_ Такибаева А.Т. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015\_ ж.  
(қолы)

## Оқытушы туралы мәліметтер және байланыс ақпараты

Байкенжин Мурат Асылбекович., т.ғ.к., «Пайдалы кен орындарын қазып өндіру» (ПКОҚӨ) кафедрасының доценті.

ПКОҚӨ кафедрасы ҚарМТУ-дың II корпусында (Қарағанды қ, Б.Бульвары, 56) орналасқан, 308 аудитория, байланыс телефоны 56-26-19.

## Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттер саны/ECTS	Сабақ түрі						МӨЖ сағаттарының саны	Жалпы сағат саны	Бақылау түрі
		Қатынас сабақтарының саны			МОӨЖ сағаттарының саны	Барлық сағат саны				
		дәріс	практикалық сабақтар	зертханалық сабақтар						
2	2	3	30			30	60	30	90	емтихан

## Пәннің сипаттамасы

«Патенттану» пәні магистрант оқитын негізгі пәндер цикліне кіреді, онда өнеркәсіптік жеке меншік нысандарын күзету, авторлық құқық саласындағы күші бар халықаралық келісімдер; авторлық құқықтың өнеркәсіптік жеке меншік нысандарын күзету саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, пайдалы модельге, өнертабысына патент алу өтінішін құру және оны беру тәртібі, өнеркәсіптік жеке меншік нысандарына иегерлік құқықтарын сатуға лицензиялық келісімдерге қол қою тәртібі оқытылады. Басқа негізгі және профильдік пәндермен біріге отырып, тау – кен ісі саласында жоғарғы білікті магистрді дайындау мүмкіншілігін береді.

## Пәннің мақсаты

«Патенттану» пәнін оқытудың негізгі мақсаты болып магистранттарды төмендегілермен таныстыру табылады:

- өнеркәсіптік жеке меншік нысандарын күзету, авторлық құқық саласындағы күші бар халықаралық келісімдермен;
- авторлық құқықтың өнеркәсіптік жеке меншік нысандарын күзету саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарымен.

## Пән міндеттері

Пәннің негізгі міндеттері болып магистранттарға келесі біліктілікті игерту табылады:

- патенттік іздеуді өткізу;
  - пайдалы модельге, өнертабысына патент алу өтінішін құру және оны беру.
- Нақты пәнді оқу нәтижесінде магистранттар мынаған міндетті: төмендегілер жайында түсініктері болу:
- авторлық құқық, интеллектуалды жеке меншікті қорғау, патенттік құқық;

- интеллектуалды жеке меншік, өнеркәсіптік жеке меншік, өнертабыс, пайдалы модуль, өнеркәсіптік үлгі, тауарлық белгі (қызмет көрсету белгісі), тауардың шыққан жерінің атауы, ноу-хау, аналог, прототип, лицензиялық келісім;

келесіні білуі тиіс:

- пайдалы модельге, өнертабысына патент алу өтінішін құру және оны беру тәртібі;

- өнеркәсіптік жеке меншік нысандарына иегерлік құқықтарын сатуға лицензиялық келісімдерге қол қою тәртібі.

келесілерді білуі тиіс:

- рубрика индексін анықтау үшін Халықаралық патенттік класификациясының нұсқауларын қолдану;

- таңдап алынған іздеу пәніне (нысанына) сәйкес патенттік – ақпараттық зерттеулерді өткізу;

- белгілі техникалық шешімдердің арасында құрастырылып жатқан техника нысанының аналогтары мен прототиптерін анықтау;

- өнертабысына патент алуға өтініш құру;

келесі тәжірибелік біліктілік алу:

- сәйкес іздеу бағдарламаларын қолдана отырып, әлемдік және жергілікті ақпараттық желілерде ақпараттық іздеу жүргізуде.

### **Пререквизиттер**

«Патенттану» пәнін оқу барысында магистранттар жалпы білім беру және негізгі пәндерді зерттеу барысында алынған білімдеріне сүйенеді.

### **Постреквизиттер**

«Патенттану» пәнін зерттеу барысында алынған білім магистрлік диссертацияны жазу барысында қолданылады.

### **Пәннің тақырыптық жоспары**

Бөлімдердің (тақырыптардың) аттары	Сабақ түрлері бойынша еңбек шығыны, сағ.			
	Лек-циялар	Тәжірибелік	МОӨЖ	МӨЖ
1	2	3	4	5
1 Кіріспе	1		1	1
2 Шығармашылық іспен байланысты қатынастарды азаматтық – құқықтық реттеу	4		4	4
3 Авторлық құқық	4		4	4
4 Аралас құқықтардың мәні мен ұғымдары	2		2	2
5 «авторлық және аралас құқықтарды қорғау» ұғымы	3		3	3

1	2	3	4	4
6 ЭЕМ бағдарламалық өнімін авторлық – құқықтық қорғау. Бағдарламалық өнім ұғымы.	2		2	2
7 Патенттік құқық. Патент, тауарлық белгі, өнеркәсіптік үлгі.	3		3	3
8 Өнертабысы жөніндегі ұғым. Техникалық өнертабыстардың деңгей шкаласы.	2		2	2
9 Патенттік іздеу жөніндегі ұғым. Патенттік құжаттаманы іздеу үшін интернет қорларын қолдану.	3		3	3
10 Лицензиялық келісім жөніндегі ұғым. Лицензиялық келісімдердің классификациясы.	3		3	3
11 ҚР интеллектуалды жеке меншікті қорғау	3		3	3
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>30</b>		<b>30</b>	<b>30</b>

### **Тәжірибелік сабақтар тізімі:**

Тәжірибелік сабақтар бұл пән бойынша қарастырылмаған

### **МӨЖ арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары**

- 1 Қай халықаралық конвенцияда интеллектуалды жеке меншікке анықтама берілді?
- 2 Авторлық құқықтардың күші жария болмаған шығармаларға таралама?
- 3 Заманында қоғамда жаңа құрастырылымдарды және технологияларды қорғау үшін патенттік жүйенің пайда болу себептері қандай?
- 4 Неге Англияны алғашқы авторлық және патенттік заңдардың отаны деп білуге болады?
- 5 ҚСРО өнертабысты қорғау мәселелерін реттеуші арнайы заңдар болды ма?
- 6 Құрылған интеллектуалды жеке меншік нысанының авторы болып кім саналады?
- 7 Интеллектуалды жеке меншік нысанына деген ерекше құқық дегеніміз не?
- 8 Интеллектуалды жеке меншік нысанына деген құқықтың пайда болуына қандай негіз болды?
- 9 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 962 тарауына (жалпы бөлім) сәйкес, интеллектуалды жеке меншік нысанына деген құқықтың пайда болуына не нәрсе негіз болып табылады?
- 10 Интеллектуалды жеке меншік нысандарының қайсысы төмендегілермен қорғалады:
  - а) авторлық құқықпен,
  - б) патенттік құқықпен?
- 11 Қазақстан Республикасында интеллектуалды жеке меншік саласында

пайда болатын құқықтық қатынастарды реттеуші құқықтың көзіне не жатады?

12 Авторлық құқық субъектіне кім жатады?

13 Қазақстан Республикасында авторлық құқықтың әрекет ету мезгілі қандай?

14 Ерекше құқықтарына ие тұлға өзінің құқықтары жөнінде білдіру үшін қолдана алатын белгінің сипаттары қандай?

15 Қазақстан Республикасының алғашқы Патенттік заңы нешінші жылы қабылданды?

16 Тауарлық белгілерді қолдану, құқықтық қорғау, тіркеуге байланысты орын алатын қатынастарды реттеуші заң қалай аталады?

17 Қазақстан Республикасының қандай заңы Адамның шығармашылық жұмысының нәтижесі болып табылатын жануарлардың жаңа түрлеріне, өсімдіктің жаңа түрлеріне патент бере отырып, құқықтық қорғау береді?

18 Қазақстан Республикасының патенттік заңында Өнертабыстарын, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында өкілетті мемлекеттік орган деп аталатын мемлекеттік орган қандай қызмет атқарады?

19 Париждік конвенцияда бекітілген ұлттық режимнің қағидасы неден тұрады?

20 Өнеркәсіптік жеке меншікті қорғау бойынша Париждік конвенциясында бекітілген конвенциялық приоритеттің өтініш білдіругі үшін маңыздылығы неде?

21 Бүкіл әлемдік зияткерлік жеке меншік ұйымы (БӘЗЖҰ) қандай қызметтерді атқарады?

22 Еуразиялық конвенция қай жылы қабылданды?

23 Еуразиялық патент қай аймақта қызмет етеді?

24 Еуразия патент ұйымының штаб-квартирасы қай жерде орналасқан?

25 РСТ процедурасы бойынша халықаралық сұраныс беру, еуразиялық патентке сұраныс беру өтініш білдірушіге қандай басымшылықтарды береді?

26 Қазақстан Республикасында өзінің өнертабыстарды классификациялау жүйесі бар ма?

27 Халықаралық патенттік классификацияның атқаратын қызметі қандай?

28 Халықаралық патенттік классификацияның иерархиялық құрылымының қанша бөлімдері бар?

29 Тауарлар мен қызметтердің халықаралық классификациясының 8 редакциясының қанша класстары бар?

30 Патенттік ізденістер дегеніміз не?

31 ҚР СТ МЕСТ Р 15-011-96 «Өнімді құрастырып жасап шығару жүйесі. Патенттік ізденістер» патенттік ізденістерді орындауға, өндеуге қандай талаптар қояды?

32 Жасалып жатқан техниканың қол жеткізілген деңгейін тексеру үшін қандай мемлекеттер бойынша патенттік ізденістер жүргізген жөн?

33 Ғылыми зерттеу және тәжірибелі конструкторлық жұмыстардың қай кезеңінде патенттік ізденіс жұмыстары орындалады?

34 Маркетингті зерттеулерді жүргізген кезде патентті құжаттамаларды зерттеу керек пе?

35Өнертабысқа өтініш беру кезінде нақты техникалық шешімге қандай белгілердің айтарлықтай әсері бар?

36Өнертабыстың патентке тұрарлығын негіздей алатын көрсеткіштерге не жатады?

37Аналогтардың жиынтығынан прототип қалай таңдалады?

38Өнертабысты тіркеу сұранысының материалдарының формальды тексерістен өту деп нені атайды?

39Өнертабысты тіркеу сұранысының материалдарының мәні бойынша тексерістен өту деп нені атайды?

40Қазақстан Республикасында патенттеуге бағытталған сұраудың құрамына қандай құжаттар кіреді?

41Өнертабыс формуласының (пайдалы модель) маңызы қандай.

42Лицензиялық келісім шарттың қай жағы «лицензиар» деп аталады, қай жағы «лицензиат» деп аталады?

43Аналог деп нені атайды?

44Қандай жағдайда өнертабысты қолдануға күштеу лицензиясы беріледі?

45Қазақстан Республикасының Патенттік заңына сәйкес не ерекше құқықтың бұзады деп саналмайды?

46Қандай өнім контрафактты өнім болып табылады?

### **Магистранттардың білімін бағалау белгілері**

Пән бойынша емтихандық баға рубеждік бақылаулар (60% дейін) және қорытынды аттестация (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғарғы көрсеткіштерінің қосындысы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейінгі мәнді құрайды.

### **Пән бойынша берілген тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі**

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиеттер	Орындау ұзақтығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балл
Тестілі (жазбаша) сұрау	Практикалық дағдыларын және дәрістік білімдерді бекіту	[1], [2], [3], [4], дәрістік конспектілер	1 байланысты сағат	Ағымдағы	7 апта	20
Тестілі (жазбаша) сұрау	Практикалық дағдыларын және дәрістік білімдерді бекіту	[2], [3], [5], [6], дәрістік конспектілер	1 байланысты сағат	Ағымдағы	14 апта	20
Дәрістің қысқаша жазбасын және практикалық жұмыстарды тексеру	Практикалық дағдыларын және дәрістік білімдерді бекіту	[3], [6], [7], дәрістік конспектілер	1 байланысты сағат	Ағымдағы	3, 5, 7, 10, 12, 14 апталап	20

Емтихан	Пән материалдарының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиет тізімі	2 байланысты сағат	Қорытынды	Сессия кезеңінде	40
Барлығы:						100

### **Саясаты және процедуралары**

«Патенттану» пәнін зерттеген кезде келесі ережелерді ұстануларынды сұраймын:

- 1 Сабаққа кешікпеу үшін.
- 2 Себепсіз сабақтан қалмау, ауырып қалған жағдайда анықтама ұсыну, басқа жағдайда түсініктеме хат ұсыну.
- 3 Магистранттар барлық сабақ түрлеріне қатысуы тиісті.
- 4 Оқу үрдісінің күнтізбелік кестесіне сәйкес барлық бақылау түрлерін тапсыруы тиіс.
- 5 Өткізіп алған сабақтарды оқытушы бекіткен мезгілде өтеуі тиіс.
- 6 Пәнді игеру емтиханмен аяқталады. Емтиханда барлық өтілген материалдарды көрсетіледі. Емтиханға қатысудың міндетті шарты барлық бақылау жұмыстарын тапсыру болып табылады. Барлық тапсырмаларды тапсырудың шекті уақыты емтиханға дейін үш қалғанда аяқталады. Барлық бақылау жұмыстарды орындамаған магистранттар емтиханға кіргізілмейді.
- 7 Сабақ үрдісіне белсенді қатысу.
- 8 Курстастарына және оқытушыға ашық, шыдамы және мейірімді болу тиіс.

### **Негізгі әдебиеттер тізімі**

- 1 Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және үлестірілген құқықтар» Заңы 10 шілде де маусым 1996 жылы №6-1 (10 маусым 2009 жылы)
- 2 Қазақстан Республикасының Берн конвенциясына мүше болуы жайлы Заңы 10 қараша 1998 года N 297-1
- 3 Әдебиет пен өнер шығармаларын көпшілік алдында орындағаны, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны және оның өнеркәсіпте пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы ставкалары туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 ж 9 ақпандағы № 142
- 4 Қазақстан Республикасының Патент Заңы от 16 шілде 1999 года № 427-1
- 5 Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 тамыздағы N 896 қаулысымен Бекітілген Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілері туралы Ереже
- 6 Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылы 26 шілдедегі № 456 Заңы
- 7 Абраменко А.П. Основы патентования. Павлодар, изд-во ЕИУ, 2006 г.

### **Қосымша әдебиеттер тізімі**

- 1 Ионас В. Я. Произведения творчества в гражданском праве, М, 1972
- 2 Зенин И. А. Рынок и право интеллектуальной собственности. Вопросы изобретательства, 1991, N3
- 3 Серебровский В.И. Вопросы советского авторского права, М, 1956
- 4 Жуков В.И. Гражданское законодательство и факультет интеллектуальной собственности. Вопросы изобретательства, 1989, 111.
- 5 Арамеев Р. "Россия обязалась охранять права авторов". Известия, 14 марта 1995 года .
- 6 Бабенко В. "Воровство как политика". Книжное обозрение, №7, 1995 год.
- 7 Быстров В. "Чего в Берне не хватает?", Книжное обозрение №6. 1995 год.
- 8 Воронкова М. "Срок действия авторского права". Российская юстиция №2, 1995 года
- 9 Гаврилов Э.П. "Об обратной силе действия международных договоров по авторскому праву. Бюллетень по авторскому праву, 1992 год.

**МАГИСТРАНТҚА АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША  
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(SYLLABUS)**

«Патенттану» пәні

«Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» модулі

31.03.2004 ж. № 50 мемл. бас. лиц..

Баспаға \_\_\_\_\_ 2015ж. қол қойылды. Пішіні 90x60/16. Таралымы \_\_\_\_\_ дана

Көлемі \_\_\_ оқу бас. п. № \_\_\_\_\_ тапсырыс Бағасы келісілген

---

100027. ҚарМТУ баспасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56